

ТАРИХ  
АДАМЗАТ  
АҚЫЛ-ОЙЫНЫҢ  
ҚАЗЫНАСЫ

ОН ТОМДЫҚ

*Ежелгі Шығыс*





«MADENI MURA»  
MEMLEKETTİK BAĞDARLAMASYNYN  
KİTAP SERIYALARY  
QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYN TUNĜYSH PREZIDENTI  
NURSULTAN NAZARBAEVTYN  
BASTAMASY BOIYNŞA ŞYĜARYLDY

ASTANA

2005

«МӘДЕНИ МҰРА»  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

---

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*  
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*  
Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*  
Әбділдин Ж.М.  
Әуезов М.М.  
Байпақов К.М.  
Зиманов С.З.  
Кәлетаев Д.А.  
Кекілбаев Ә.  
Кенжеғозин М.Б.  
Қасқабасов С.А.  
Қойгелдиев М.Қ.  
Қосыбаев Е.М.  
Құл-Мұхаммед М.А.  
Мағауин М.М.  
Мәмбеев С.А.  
Нұрпейісов Ә.К.  
Нысанбаев Ә.Н.  
Рахмадиев Е.Р.  
Сұлтанов Қ.С.  
Сүлейменов О.О.  
Хұсайынов К.Ш.

**ББК 87.3**  
**Т21**

**«Мәдени Мұра» Мемлекеттік бағдарламасының  
«Тарих және этнография» секциясының мүшелері және томның  
редакция алқасы:**

Қойгелдиев М.Қ. (*төраға*), Алдажұманов Қ.С., Әжіғали С.Е.,  
Гаркавец А.Н., Ерофеева И.В., Мәжитов С.Ф., Нұрмағамбетова Р.К.,  
Нұрман Ш.Т., Сужиков Б.М.

Томды басуға Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология  
институтының Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның ғылыми сараптаушысы және арнайы редакторы:  
академик К.Н. Нұрпейіс

Томды құрастырғандар:

С.Ф. Мәжитов, Г.Т. Каженова, С.И. Оспанов, Ж.Ж. Смақов

Томның аудармашылары: Назарбек Қанафияұлы, С.И. Оспанов

**Т21 Тарих—адамзат ақыл-ойының қазынасы:** Он томдық. — Астана: «Фолиант», 2005.  
Т. 1: Ежелгі Шығыс. — 2005. — 472 бет, суретті.

ISBN 9965-35-014-0

Бұл кітапта тарих саласындағы көне Шығыс классикалық әдебиеті үлгілерінен қазақ тіліне аударылған үзінділер берілді. Жинаққа енген материалдар әлемдік тарихи ойдың қалыптасу және даму кезеңдері мен ерекшеліктерін түсіну үшін маңызды. Антологиялық принцип бойынша құрылған үзінділердің алдында шығармалардың жарық көру тарихы, уақыты, негізгі мазмұны мен олардың авторлары жайында мәліметтер берілген. Белгілі еңбектерден алынған үзінділер, олардағы мәліметтер оқырманды болашақта шығармалардың толық мәтінімен танысуға ынталандырады деп білеміз. Құрастырушылар томға мүмкіндігінше ескертулер мен ғылыми-анықтамалық сілтемелер енгізген.

Аталған еңбектер бұрын-соңды қазақ тіліне аударылмаған. Орыс тіліндегі аудармалардағы тілдік, этнографиялық айырмашылықтар қазақ тілді қауымға осы күнге дейін түсініксіз болып келгені де ескерілді.

Кітап зерттеушілерге, жалпы білім беретін мекемелердің ұстаздары мен оқушыларына, аспиранттарға, сондай-ақ көпшілік оқырман қауымға арналған.

Б  $\frac{0301020000}{00(05) - 04}$

ББК 87.3

ISBN 9965-35-014-0 (т. 1)

© Тарих және этнология институты, 2005

ISBN 9965-35-013-2

© «Фолиант» баспасы, 2005

## МӘДЕНИ МҰРА ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ТАРИХИ ОЙ

Тәуелсіздігін енді ғана қолына алған мемлекет үшін ең үлкен мәселелердің бірі қоғамдық сананы империялық үстемдік жағдайында тамыр жайып, орнығып қалған жасанды, сырттан таңылған құндылықтардан арылтуға, сөйтіп ұлтқа, жалпы қоғамға өзінің табиғи мүдделері және құндылықтарымен қауышуға және оларды дамытуға мүмкіндік туғызу. Ал бұл шара өткен тарихты сыртқы идеологиялық күштердің араласуынсыз, емін-еркін қайта сараптаудан, ғылыми талдаудан, електен өткізуден басталады.

Тарихи сананы қалыптастыру процесі еліміздің соңғы он жылдан астам тарихында пәрменді жүруде. Қоғамымызда Елбасынан бастап қатардағы азаматқа шейін ұлттық тарихымызға бетбұрыс жасады. Әрбір адам өзінің шыққан тегін, ата шежіресін білуге ұмтылды, әрбір азамат елінің өткен жолына үніліп, сол арқылы бүгінгі көп сауалдарға жауап іздеді. Бұл жалпыұлттық мәдениеттің деңгейінің жоғарылығын танытқан ғажап құбылыс-тын. Өйткені болашағына үміт артқан халық ғана өткенін білуге құштар. Халық өткеніне селқостық танытса, онда оның өз болашағынан үмітінің үзілгендігі.

Халықтың рухани өміріндегі осы мазмұндағы сапалы өзгерістерге қолдау жасаған мемлекет басшысы 1998 жылды «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп жариялады, ал одан бұрынғы 1997 жыл саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болды. Кенесары Қасымұлы, Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы және басқа бұрын есімі оқулықтардан алынып тасталған ұлы тарихи тұлғалардың ұлт алдындағы еңбегі кең, тиесілі дәрежеде айтыла бастады, артында қалдырған мұралары жарық көрді.

Тарихшы мамандарға, жалпы қоғамға кез-келген тарихи мәселеге байланысты еркін пікір білдіру мүмкіндігі туды. «Отан тарихы», «Қазақ тарихы» және басқа көптеген мерзімді тарихи басылымдар тұрақты түрде шыға бастады. Бұдан тыс, кез-келген басылымға тарихи тақырыпқа

ешқандай да шектеусіз материалдар жариялау үйреншікті іске айналды. Бұған үлкенді-кішілі баспалар арқылы жарық көріп жатқан жеке немесе көптомдық еңбектер легі қосылды. Қоғамның тарихи жадының жаңғыру кезеңіне аяқ басқандығын байқататын бұл құбылыс сонымен бірге халық санасында өзгерістердің жүріп жатқандығын да куәландыратын еді. Халық кем дегенде соңғы екі-үш ғасырлық тарихи тәжірибесін, осы жолда қол жеткізген жетістіктері мен жеңілістерін, кеңестік идеология тұсында айтылмай келген төл тарихының драмалы оқиғаларын көз алдынан өткізді, ірі тарихи тұлғаларының қайғылы тағдырымен танысты. Басқаша айтқанда, әрбір саналы, өз Отанын тереңірек танығысы келетін азамат ондай мүмкіндікке ие болды.

Осы арада біздің мынадай бір жағдайға көңіл аударғанымыз жөн. Халықтың өзін-өзі тануы, өзін жасампаз тұлға ретінде сезінуі — бұл баяу жүретін әрі үлкен шыдамдылықты талап ететін, жүйелі де мақсатты еңбектің нәтижесі ретінде ғана іске асатын процесс. Сондай-ақ мұндай күрделі жұмыстың әдіс-құралдары мен жөн-жосығын халықтың ғасырлар бойы жинаған мол тәжірибесі мен даналығынан табуға болады. Мәселен, халқымызда «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген ғажап сөз бар. Терең астарлы бұл нақыл сөздерді ашып айтар болсақ, оның мәні «Өткенге құрмет, ұрпақаралық сабақтастық болмай, өркенді өсіп-өну жоқ» дегенге сайма-сай келеді.

Заман өзгеріп келеді, заманмен бірге ел, оның тарихи жады қайта түлеп, танымы жаңа мазмұнға ие болуда. Бүгін етек-жеңі кең қазақ даласының қай түкпірінен болмасын есімдері уақыт тезінен сүрінбей өткен қазақ батырларының құрметіне қойылған еңселі ескерткіштерді кездестіруге болады. Оларды көрген жолаушы, жасөспірім ұрпақ өмір көшіндегі өткен ұрпақтармен жүздесіп, кеңескендей күй кешеді. Бұл, сөзсіз, көңілде болашаққа деген сенім отын ұялататын құбылыс.

Өткенге қайырылу, жай қайырылу ғана емес, оны қорыту, сол арқылы өткен өмірімізде қалыптасқан түрлі құндылықтармен бүгінгі тыныс-тіршілігімізді байыта түсу үшін бұл жаңа сападағы өркендеуге жол ашу әрекетін айғақтайды.

Сондай-ақ бұл атқарылып жатқан іс, әрине, жалпыадамзаттық мәдениет пен тәжірибеден іргені аулақ салу емес.

Жоғарыда аталған жалпымемлекеттік істердің логикалық жалғасы ретінде Елбасының ұсынысы бойынша елімізде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы іске асуда. Бағдарламаны орындауға қажетті қаржы бөлініп, бұл іске зиялылардың шығармашылық үлкен тобы жұмылдырылған.

Ал осы мемлекеттік бағдарлама қандай қажеттіліктен туған? Бұл ретте мынадай жағдайларға көңіл аударған орынды болар еді. Біріншіден, әлемде өз төл мәдени құндылықтарын қастерлеп, қадір тұтпаған ұлт өркендеу жолында тұжырымды жетістіктерге жеткен емес. Бұл — дәлелдеуге мұқтаж емес қарапайым шындық. Қазақ халқы соңғы үш-төрт ғасырда алғаш рет өзінің өркениет жолында өсіп-өнуіне негіз бола аларлықтай мәдени құндылықтарын елеп-ескеру мүмкіндігіне ие болып отыр.

Екіншіден, бүгінгі дамыған елдердің бірде-біреуі тәуелсіз ұлттық-мемлекеттік өркендеу жолына түскен сәтінде мемлекеттік тілде білім жүйесін қалыптастыру, оған қажет әдебиеттер қорын жасау кезеңін айналып өте алған емес. Қазақ тіліндегі сапалы білім жүйесі — бұл мемлекеттік баянды өсіп-өркендеу тіректерінің бірі, алғы шарты. Бұл өз уақытында қойылған мәселе.

Үшіншіден, елдің экономикасын өркендету ісі мен дәстүрлі мәдениетін жаңғырту процестері арасындағы өзара байланыс бар екендігі де даусыз. Экономикадағы жетістіктер мәдениет саласындағы сұраныстарға жете көңіл бөлуге мүмкіндік туғызып отыр. Өз ретінде ұлттың озық мәдени құндылықтарының жаңғыруы тұрақты экономикалық өркендеуге жағымды ықпал жасайтын болады.

Төртіншіден, еліміздің қарқынды да нәтижелі дамуын шеттен алынған қондырғылық элементтер қамтамасыз ете алмақ емес. Қоғамдық өсіп-өркендеу әуелде өз топырағымызда тамыр жайған ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрге, олардың өміршең озық үлгілеріне табан тірегенде ғана нәтижелі болары хақ. Мемлекетіміздің басшысы жасаған бұл тұжырым халқымыздың ХХ ғасырдағы өмірлік тәжірибесінен тікелей туындағандай болып ұғылады. Отандық, елдік негіздерге иек арту бұл өсуіміздегі кемелдік нышандардың көрінісі екендігі анық.

Бағдарлама көпқырлы. Оның бір саласы «Тарих—адамзат ақыл-ойының қазынасы» аталып, он томдық еңбектерден тұрмақ. Оқытушыға, студентке, мектеп оқушыларына және қалың оқырманға арналған бұл бағылым мынадай мақсат және міндеттерді көздейді:

- қоғамымызда жаңа мазмұндағы тарихи сана қалыптастыруға жағымды ықпал жасай алатын әлемдік тарихи ойдың көрнекті өкілдерінің кең танылған еңбектерінен үзінділер жариялау;
- әлемдік тарихи ойдың қалыптасу, даму және өзгеру барысынан, сондай-ақ бүгінгі жағдай мен ерекшеліктерінен түсінік беру;
- мүмкін болғанша әлемдік тарихи ойдағы бүгінгі түрлі ұстаным және ағымдардан мәлімет беру;

- халықаралық мәнге ие болған археограф, деректанушылардың еңбектерімен таныстыру;
- мемлекет құру ісінде жеке елдердің тәжірибесін жинақтау және қорыту тұрғысынан жазылған, кең көлемде мойындалған авторлардың еңбектерін жариялау т.б.

Қорыта айтқанда, антологиялық принцип бойынша жинақталған он томдық еңбек оқырманды әлемдік тарихи процестен хабардар етіп, оның осы бағыттағы ынтасы мен ізденісіне түрткі болады деген үміттеміз. «Әлемдік тарихи ой» топтамасы түрлі тарихи кезеңдер мен елдерге тән тарихи ой өкілдерінің еңбектерінен үзінді түрінде қазақ тілінде алғаш рет жарық көріп отыр.

«Ежелгі Шығыс тарихи ойы» аталатын бірінші кітапта көне шығыстық классикалық мұралардан — Сыма Цянь, Бан Гу еңбектерінен, Ипесурдің ділмарлығы, Авеста, Ману заңы сияқты ескерткіштерден — тарихи таным үшін қажет деген үзінділер іріктелініп алынды. Мақсат осы үзінділер арқылы ең көне тарихи дәуірлерге тән елдердің тарихи танымынан түсінік беру. Жинаққа енген үзінділерге қысқаша болса да сипаттамалық мәліметтер, ескертпелер және ғылыми-анықтамалық сілтемелер берілген. Алғашқы томға енген үзінділердің басым бөлігі қазақ тіліне алғаш рет аударылып отыр. Бұл мұралар осы уақытқа шейін оқырмандарға тек орыс тілінде ғана ұсынылған.

«Антикалық Грекия және Рим тарихи ойы» аталатын екінші кітапта Аристотель, Геродот, Платон, Полибий, Страбон, Фукидид және басқа әйгілі антикалық авторлардың классикалық еңбектерінен үзінділер берілген. Алынған үзінділердің мазмұны бүгінгі сұранысқа лайық болуы ескерілді. Олардан жалпы мағлұматтармен қатар, ертедегі Қазақстанның тарихына қатысы бар жекелеген беттер, нақты фактілік материалдарды кездестіруге болады. Бұл ретте әсіресе Геродоттың, Страбонның, Фукидидтің, Аммиан Марцеллиннің, Аррианның еңбектері бөліп айтуға лайық.

«Ортағасырлық тарихи ой» аталатын үшінші кітаптағы материалдар шығыстық және батыстық авторлардың кең танымал еңбектерінен алынған үзінділерден тұрады. Олардың қатарында Рашид-ад-дин, Никколо Макиавелли, Марко Поло, Плано Карпини, Вильгельм де Рубрук, Иософат Барбаро, Махмут Қашқари, Әбілғазы Баһадүр, Мұхаммед Қайдар Дулати, Қадырғали Қосымұлы, Ибн Хордад бек және басқа белгілі авторлардың еңбектері бар. Қазақ тіліне аударылған бұл шығармалар арқылы оқырман ортағасырлық отан тарихынан біршама құнды мәліметтер алатын болады.



«Жаңа замандағы тарихи ой» аталатын төртінші кітапта еуропалық және ресейлік ғалымдардың зерттеу еңбектерімен қатар, Ш.Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, С.Бабажанов, Б. Дауылбаев, Ж. Шуақов, Ш. Құдайбердіұлы сияқты отандық тарихнама және қоғамдық ой өкілдерінің еңбектері де берілді. Бұл томдағы еңбектер оқырманға отандық және әлемдік тарихи ойдың жаңа замандағы даму деңгейі және оның бағыттарымен жақынырақ танысуға мүмкіндік береді.

Бесінші кітап ресейлік тарихнаманың озық үлгілерінен алынған үзінділерден тұрады. Қазақстандағы тарихи ой ХІХ ғасырдан бері ресейлік тарихнаманың ықпалында болғандығы белгілі. Ресей тарихи ойына жеке кітап арнағанда осы жағдай ескерілді. Томда берілген еңбектер мазмұнына қарай классикалық тарихнама өкілдері, тарихшы — концептуалшылар, археографтар және деректанушылар болып жіктелді. Еңбектерінен үзінді келтіргендердің арасында Н.М. Карамзин, С.М. Соловьев, В.О. Ключевский, М.П. Погодин, Б.Д. Греков, Н.М. Дружинин, И.Ю. Крачковский сияқты тарих ғылымының өкілдері бар.

6-9 томдардағы материалдар «Әлемдік тарихи ой. ХІХ-ХХ ғғ.» деген атаумен берілді. Бұл төрт кітапта топтастырылған еңбектердің мынадай ерекшеліктерін айта кеткен жөн. ХІХ-ХХ ғасырлар — тарих ғылымының зерттеу әдістері жетілген, түрлі салалар мен бағыттардың қалыптасып, олардың күрделі ғылыми ағымдарға айналған мезгілі. Ұстаным қайшылығы қайсыбір бағыттар арасындағы өзара текетеріске, күреске де ұласты.

Сондай-ақ бұл мезгілде тарих ғылымының зерттеу құралдары мен мүмкіндіктерін жаңа сапаға көтеруге мұрат тұтқан сәтті қадамдар жасалғандығы да мәлім. Аталған төрт кітап оқырманды тарих ғылымындағы осындай әр түрлі бағыт және ұстанымдағы ағымдармен таныстыруды көздейді. Кітаптардағы материалдар осы мақсат тұрғысынан топтастырылған.

Соңғы, оныншы кітап «ХІХ-ХХ ғғ. түркі халықтарының тарихи ойы» аталып, мұнда түбі бір туыс халықтардың осы мезгілдегі тарихнамалық мәдениетінен, ортақ қоғамдық мәселелерінен мәлімет бере алатын еңбектер мен олардан үзінділер топтастырылды. Кітапқа енген авторлардың арасында Мұстафа Кемал Ататүрік, Зия Гөкалп, Жүсіп Ақшора, Заки Валиди Тоған, Баймырза Хайт және басқалардың еңбектерінен үзінділер бар.

«Тарих—адамзат ақыл-ойының қазынасы» сериясын даярлау барысында оны құрастырушылар антологиялық жинақтарға қойылатын талаптарды негізге алды. Ондағы мақсат бұл көптомдық басылымды, мүмкін

болғанша оқырманның талап-тілегіне, сонымен бірге орта және жоғарғы білім жүйелерінің де сұранысына бейімдеу еді.

Көптомдыққа енген материалдардың біраз бөлігі, мәселен, «Арт-хашастра», «Авеста», Дарий Біріншінің Бехистун жазбалары, Аммиан Марцеллиннің «Тарих», ортағасырлық араб және парсы тарихшыларының еңбектері және басқа көптеген авторлардың еңбектері қазақ тіліне тұңғыш рет аударылды. Бұл еңбектерді қазақ тілінде сөйлету барысында аудармашыларға көптеген қиыншылықтарды шешуге тура келгендігін айта кеткен жөн. Бұл қиыншылықтар гуманитарлық ғылым саласында аударма мәдениетінің әлі де болса біржола қалыптаса қоймағандығына, әсіресе терминологияға қатысты көптеген мәселелердің үйлесімін таба алмағандығына байланысты еді.

Томдарды құрастырушылар: Әбжанов Х.М., Әбілхожин Ж.Б., Әлімғазинов Қ.Ш., Ақтаева К.Қ., Атығаев Н.А., Батурина Л.Л., Бейсеғұлова А.Қ., Валиханов Е.Ж., Ерофеева И.В., Жәкішева С.Ә., Қабижанова Г.Б., Каженова Г.Т., Қайдарова Ә.Ә., Қыдыралиев Д.Қ., Мәжитов С.Ф., Мендікұлова Г.М., Нұрмағамбетова Р.Қ., Оразов Р.Е., Оспанов С.И., Өскенбай Қ.З., Рүстемов С.К., Салғарин Қ., Сейдімбек А., Сариева К.Қ., Сатенова М.Р., Смағұлова С.О., Смақов Ж.Ж., Сужиков Б.М., Саурықова А.Т., Тлеубаев Ш.Б., Тұрсынбаева Ж.Қ., Шашаев Ә.Қ.

Әрбір томды құрастырушылар кіріспе мақалалар даярлады. Орыс тіліндегі мәтіндерді тәржімалау ісіне Назарбек Қанафин, Мыңбай Ілес сияқты тәжірибелі аудармашылармен қатар, жас мамандар да тартылды.

«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының  
«Тарих және этнография» секциясының төрағасы *М.Қ. Қойгелдиев*

«Тарих—адамзат ақыл-ойының қазынасы» сериясының  
жетекшісі *С.Ф. Мәжитов*

# ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ



## СЫМА ЦЯНЬ (б.з.б. 145-90 жж.)

### ТАРИХИ ЖАЗБАЛАР

*Хань әулеті кезіндегі тарихнама жұмыстары император сарайының өте маңызды қызметтерінің бірі болып саналады. Бұл уақытта сарай төңірегіндегі тарихнамашы-астролог Сыма Цяньнің «Тарихи жазбалар» («Шицзи») еңбегі жазылды. Ол біздің дәуірімізден бұрынғы I ғасырдың басына дейінгі Қытай тарихын қамтиды. Бұл еңбектің алғашқы атауы «Тайши-гун шу» («Сарай төңірегіндегі тарихнама кітабы»), «Тайши-гун цзи» немесе «Тайши цзи» («Сарай төңірегіндегі тарихнама жазбалары»), деп аталды. Сыма Цянь оны өзінің әкесі Сыма Тань, сондай-ақ бұрынғы тайшилиң жинақтаған материалдардың, император мұрағаттарындағы құжаттардың негізінде жазды. Бұған оның қолы 108-жылы әкесінің ізбасары ретінде, оның қызметін алмастырған кезде жеткен еді. Оған қоса Сыма Цянь ауызша аңыздарды, елге саяхат жасаған кездегі көрген-білгендерін, өзінің жеке бақылағандарын кеңінен пайдаланды.*

*Сыма Цяньнің айтуынша, осы кездегі әулетті басқару адамдардың ізгі қасиеттеріне негізделген. Басқарудың алғашқы кезеңі жағымды жақтарымен сипатталады, кейінірек ол құлдырауға ұшырайды.*

### БІРІНШІ ТАРАУ

Хуан-ди — Шао-дянь әулетінің ұрпағы, оның тегі Гунсунь және есімі Сюань-юань. Ол туғаннан бастап ерекше дарынды болды, сәби кезінде-ақ жақсы сөйлей білетін болды, өсе келе өзінің ой ұшқырлығымен көзге түсті.

Сюань-юаньның кезеңінде Шэнь-нун әулеті ұрпақтан-ұрпаққа біртіндеп күйрей бастады. Чжухоу князь иеліктері бір-біріне шабуыл жасап, байсын халқын қинаумен болды, ал Шэнь-нун ұрпақтарының чжухоуларды бағындыруға шамалары келмеді. Сюань-юаньдықтар сыйлық әкеліп, өздерінің биліктерін мойындамағандарды бағындыру

мақсатында, найза мен қылыш қолданудан жаттыға бастады. Мұны естіген қол астындағы князьдықтар оларды мойындай бастады. Тек өзінің қатыгездігімен аты шыққан Чи-ю ғана олардың билігін мойындаудан бас тартты.

Янь-ди *чжухоудың* иеліктерінің құқықтарын тежеу ниетінде болды. Барлық ықпалды князьдар Сюань-юань жағына өте бастады. Сөйтіп Сюань-юань әскери істі жетілдіре түсті. Ол дақылдардың бес түрін егіп, халықты жұбатып, елдің төрт бөлігінде тәртіп орнатып, қара және қоңыр аюларды, барыстарды, ягуарлар мен жолбарыстарды ыркына көндіріп, Баньцюань жазығында Янь-димен шайқасты. Үш шайқастан кейін Сюань-юань өз мақсатын жүзеге асырды. Тек Чи-ю ғана көтеріліске шығып, императордың құзырына бағынудан бас тартты. Хуан-ди ықпалды князьдардың әскерлерін мойындап, Чжолу жазығында Чи-юмен шайқасып, Чи-юді қолға түсіріп, оны өлтірді. Бұдан кейін князьдың қол астындағы барлық иеліктер Шэнь-нунның әулетін ауыстырып, Сюань-юаньді Аспан Ұлы деп жариялап, оның билігін мойындады. Осылайша Хуан-ди император болды.

Егер кім де кім оған бағынбайтын болса, Хуан-ди оларды жазалап отырды. Хуан-ди ешқашан тыным таппады, тау бекеттерін тазалап, жолдар салдырды. Шығыста ол теңізге дейін жетіп, Хуаньшань, Дайцзун тауларына дейін ат басын бұрып, батыста Кунтунға дейін жетіп, Цзитоу тауларына дейін барды, ал оңтүстікте Янцзы өзеніне дейін жетіп, Сюаншань және Сяншань тауларына дейін көтерілді, солтүстікте Сюнюцілерді қуып шықты, Фушань тауларына дейін көтеріліп, Чжолу мекенін салды. Хуан-ди бір жерге орнығып тұрмай, үнемі бір жерден екінші жерге көшіп жүріп, әскерлерін өз мүддесін қорғауға пайдаланды.

Хуан-ди барлық алпауыттарға ортақ «бұлт» сөзін пайдаланып, «бұлт басқарушыларды» тағайындады. Барлық иеліктерге бақылау жасау үшін көптеген ұлы бақылаушы қойды. Барлық иеліктерде тыныштық орнаған кезде, Хуан-ди адамдардың рухтарына және аспан, тау, өзен рухтарына арнап құрбандықтар шалды. Ол қымбат ошақтағы мыңжапырақтарға қарап алдағы күндерді болжады. Фэн-хоуды, Лимуды, Чянь-сянь мен Да-хунды халықты басқаруға тағайындады. Хуан-ди Аспан мен Жер заңдарын, қараңғы мен жарықта бал ашуды, өмір мен өлім туралы талқылауларды мойындады.

Ол барлық дақылдарды, талдарды өз уақытында егіп, құстарды, аңдарды, көбелектерді жерсіндіріп, көбейтіп, күнге, айға, жұлдыздарға бақылау жасап отырды, қабілетін, күшін аямастан жерді өңдеп, тас, темірді тауып еңбек етті. Суды, отты, орманды т.б. байлықтарды

үнемдеп пайдаланды. Өз кезінде жер апатының пайда болуына байланысты, оны Хуан-ди «Сары император» деп атады.

Хуан-дидың жиырма бес ұлы болды, оның он төрті әулетті басқарып, оның атын алды.

Хуан-ди Сюаньюань мекенінде тұрды, ал өзі Силин әулетінің Лэй-цзу деген қызына үйленді. Лэй-цзу Хуан-дидің үлкен бәйбішесі болды. Ол ұрпақтары кейін аспан астын билеген, екі ұл туды. Бірінші ұлының аты — Сюань-сио, ол Цин-ян болатын. Цин-янды Цзяншуй өзеніне қоныстандырды. Екінші ұлының аты Чан-и болды, оны Жошуй өзеніне қоныстандырды. Чан-и Шушань әулетінің Чан-пу деген қызына үйленді. Одан Гао-ян туды.

Хуан-ди қайтыс болғаннан кейін, оны Цяо-шань тауларына жерледі. Оның тағына Чан-идің ұлы Гао-ян отырды. Ол император Чжуань-сюй болатын.

Гао-ян деген балама аты император Чжуань-сюй Хуан-дидің немересі және Гао-янның ұлы болатын. Ол өте салмақты болды және терең ойлап, әрбір істі, оның мәніне үңіле отырып, шешті. Байлықты жердің ерекшеліктерін ескере отырып, жинады. Аспаннан үлгі ала отырып, жыл мезгіліне қарай әрекет жасады, адамдардың арасындағы қарым-қатынасты, аспан рухтарына еліктей отырып орнатты, адамдардың көзін ашу және өзгерту мақсатында апаттарды басқарды, құрбандықты жетілдіру үшін өзінің тәнін және жүрегін тазартып отырды. Сондықтан да ол солтүстікте Юлианға, оңтүстікте Цзяочжиға, батыста Люшаға, шығыста Пнаьмуға дейін жетті, бұл аймақтағылардың барлығы да оған бағынды.

Император Чжуань-сюйдан Цюн-шань атты ұл туды. Чжуань-сюй қайтыс болғаннан кейін, таққа оның немересі Сюань-сяо отырды. Ол император Ку болатын. Император Ку Хуан-дидің шөбересі, оның әкесінің аты Цзяо-цзи болды. Не Сюань-сяо, не Цзяо-цзи үкімет басында тұра алған жоқ, тек Гао-синь ғана император тағын иемденді. Гао-синь туа салып атын атап, өзінің ерекше қабілетін танытты.

Ол жүрген жерінің бәрінде өзін ойламастан, барлық тірі дүниеге пайда келтіріп отырды. Қырағылығының арқасында болашақты болжап, көрегендігімен ерекшелене отырып, Аспандағы әрбір кішкене нәрсеге мән берді, халықтың мұқтажын жақсы түсінді. [Гао-синь] адамды жақсы көре тұрып, өз сөзінде кішіпейіл және қатал болды. Өзін үнемі жетілдіріп отырды. Сондықтан да оған Аспан асты әлемі бағынды. Ол жердің байлығын ала отырып, оны үнемді пайдаланды; халықты кішіпейілдікке баулыды, ақыл айта отырып, өз пайдаларын табуға үйретті; Күн мен

Айдың қозғалысын есептеп, оларды қарсы алып және шығарып салу арқылы рухтарды мойындап, оларға қызмет етті. Оның сыртқы келбеті айбынды болды. Ол әр іс-қимылын өз уақытымен жасап отырды, өте қарапайым киінді. Император Ку өзінің ер жүректігімен ерекшеленіп, оны Аспан астына тарата білді, сондықтан да Күн мен Ай жарығын түсіріп, жел қағып, жаңбыр шаятын барлық нәрсе оған бағынды.

Император Ку Чэнфэн әулетінің қызына үйленіп, Фан-сюньді Цзюн-цзы әулетінің қызына үйлендірді, ол Чжиді туды. Император Ку қайтыс болғаннан кейін оны Чжи ауыстырды. [Бірақ] таққа отырған Чжи ынжық билеуші болды. Ол қайтыс болғаннан кейін, таққа оның кіші бауыры Фань-сюнь отырды. Оны император Яо деп атады.

Император Яо-ның аты Фань-сюнь болатын, адамды сүю жағынан Аспанға, ал білімі жағынан Аспан рухтарына сай болды. Оған Күнге ұмтылғандай тартылды. Ол бай бола тұрып, асқақ, атақты бола тұрып, тәкаппар күй кешті. [Яо] сары бас киім және қарапайым қара киім киіп, ақ ат жегілген, қызыл арбамен жүрді.

[Яо] [адамдарды] ізгілікті міндеттілікке бастап, соның көмегімен тоғыз ұрпақты жақындастырды. Тоғыз ұрпақ арасында келісім орнаған кезде, байсындардың арасында тәртіп орнатып, олардың арасында ағарту жұмысын жүргізіп, он мың иелікті келісімге келтірді.

Одан кейін Ұлы Аспанның [заңына] жүгініп, күннің, айдың, жұлдыздардың қозғалысын анықтауды Си мен Хэ-ге тапсырды. Си-чжунға сол жерде отырып, Күннің пайда болуы жөнінде хабарлап, көктемгі жұмыстардың барысын реттеп, көктемде күн мен түн теңелгеннен кейін Няо жұлдызы арқылы көктемнің екінші айын анықтау мақсатында, Янгу деп аталатын жердегі Юлийге қоныстануды тапсырды. Осы кезде халық бөлініп, құстар жұмыртқа салып, жануарлар бір-бірімен шағылысатын кез еді.

Жазғы жұмысты реттеп, жазғы күннің ұзарған кезінде, Хо жұлдызы арқылы жаздың екінші айын анықтау үшін, Си-шуды Нянцизяоға қоныстандырды. Бұл халық алқапқа шығып, құстардың қауырсындары қатайып, жануарлардың жүні түлейтін кез.

Күннің жаз мезгіліндегі қысқаруын хабарлап, күзгі жиын-терін жұмысының барысын реттеп отыру үшін, ал күздегі теңесу кезінде Сюй жұлдызы арқылы күздің екінші айын анықтау мақсатында Хэ-чжунды батыс жеріндегі Мэйчуге қоныстандырды. Бұл халықтың көңілі орнығып, құстардың қауырсындары, малдың жүні өсіп жетілетін кез.

Жұмысты реттеп, жануарлардың тыныштығына бақылау жасап, қысқы теңелу кезінде Мао жұлдызы арқылы, қыстың екінші айын



анықтау мақсатында Хэ-шуды солтүстікке қоныстандырды. Бұл халық жылуға жиналып, жануарлар мен құстардың қауырсындары мен жүндері қалпына келетін кез.

Жыл 365 күннен тұрды, ал қосылған айдың көмегімен жылдың төрт мезгілі анықталды.

Яо «Кім менің ісімді сәтті жалғастыра алады?» — деп сұрады. Фанци: «Сіздің ұлыңыз [мұрагеріңіз]», — деп жауап берді. Яо оған: «Жоқ. Ол бірбеткей және қаһарлы, сондықтан да ол жарамайды», — деді. Хуань-доу «Гун-гун ылғи да өз еңбегін еселеп, таратып жүреді. Оны қоюға болады», — деп жауап берді. Яо оған «Гун-гун әдемі сөйлейді, бірақ оның ұмтылысы солғын. Сырттан қарағанда құрметті, ал [іс жүзінде] Аспанмен санаспайды. Сондықтан ол жарамайды», — деді. Яо: «О менің көмекшілерім — сюэлер. Тасыған сулар аспанға атылып, шексіз таралып, тауларды, жоталарды қоршап алды. Соның салдарынан етекте орналасқан халық күйзелуде. Суға тоқтау салуды тапсыруға болатын адам бар ма?» — деп сұрады. Бәрі Гуньнің қолынан келеді деп жауап берді. [Бірақ] Яо: «Гунь бұйрықты бұзып, тұқымдастарына зақым келтіреді, ол жарамайды», — деді. Сюэлер: «Басқа ешкім жоқ. Гуньді сынап көріңіз, егер жарамаса, алып тастайсыз», — деп жауап берді. Осыдан кейін Яо өз көмекшілерінің ақылын тыңдап, Гуньді [жұмысқа] пайдаланды. Тоғыз жыл өтті, Гунь жетістікке қол жеткізе алмады. Бұдан кейін Яо: «О сюэ, көмекшілерім! Менің тақта отырғаныма жетпіс жыл болды. Аспанның еркіне бағына отырып, менің орныма қайсың отыра аласың?», — деді. Оған көмекшілері: «Біздің ізгілігіміз төмен, біз император тағын [тек] масқаралаймыз», — деп жауап берді. Яо: «Онда менің ауқатты алыс-жақындағы туыстарымнан ұсына аласындар ма?» — деп сұрады. Маңайындағылар: «Халықтың ішінде тұратын Юйский Шунь деген жалғыздікті адам бар», — деп жауап берді. Яо: «Иә, мен ол туралы естігем. Ол қандай адам?» — деп сұрады. Сюэлер: «[Ол] соқырдың ұлы. Оның әкесі кеміс, шешесі қазымыр, кіші інісі ақсақ, бірақ [Шунь] өз балаларын құрметпен ұстай біледі. Олардың өзара береке бірлігі бар, әкесі оларды жақсылыққа бағыттап отырады. Сондықтан олардың арасында қылмысқа барғандар жоқ», — деп жауап берді. Яо: «Мен оны сынақтан өткізейін», — деді. Оның ізгілігі екі әйелге қалай ықпал ететінін тексеру мақсатында [Шуньге] өзінің екі қызын әйелдікке берді.

[Шунь] әйелдерді Туй-жуй өзеніне қоныстандырып, оларға әйелдік міндеттерін атқаруды [катал] бұйырды. Яо бұны қолдап, Шуньге бес қарым-қатынасты өзара үйлестіруді бұйырды. Сөйтіп [бес

қарым-қатынас] алпауыттар арасына таралып, олар өз міндеттерін өз уақытында орындайтын болды.

[Шунь] келгендерді төрт қақпаның алдынан қарсы алатын болды. Бұл қақпалардың алдында тәртіп орнатылып, князьдар мен алыс жақтан келген қонақтарға құрметпен қарады. Бұдан кейін Яо Шуньді тауларына орман өскен, ал етегінде өзендер ағып жатқан жерге жіберді. Ол жерде жиі-жиі боран мен күшті найзағайлар болып тұрды. Бірақ Шунь өз жолынан адаспады. Яо Шуньнің даналығын мойындап, оған: «Үш жыл сенің жоспарларың жүзеге асып, ал сөздерің жетістікке жеткізіп отырды. Сен император тағына отыруға лайықсың», — деді. Шунь: «Менен ізгілікті адамдар бар ғой», — деп, тақтан бас тартады. [Бірақ] айдың бірінші күні Шунь Вян-цзу шіркеуіндегі басқарма істерін қабылдап алады. Вян-цзу Яоның ұлы аталары болған.

Император Яо қартайған шағында Шуньге Аспан Ұлы атынан істерді басқаруға бұйрық берді. Шунь Сюань-цзи юй-хэннің астрология аспабы арқылы негізгі жеті жарықтың орналасуын бақылады. Бұдан кейін Шунь жоғары жаратушыға *Лэй*, алты әулиеге — *Инь*, таулар мен көлдерге *Ван*, әртүрлі рухтарға — *Бянь* құрбандықтарын шалды.

[Шунь] биліктің бес белгісін жинап, қолайлы айды және күнді таңдап, барлық ардагерлер мен көсемдерді қабылдап, оларға билігін анықтайтын белгілер тапсырды.

Екінші айда [Шунь] иелігін аралап келу мақсатымен шығысқа кетті. Дайцзунь тауына жетіп, ол жерге алау жағып, таулар мен көлдерге кезекпен құрбандықтар шалды.

[Шунь] бұдан кейін шығыс жерінің көсемдерін қабылдап, мезгілдер мен айларды сәйкестендіріп, күндерді түзетті, бірыңғай ұзындық, көлем, салмақ өлшемдерін енгізді. Яшманың бес түрін, жібектің үш түрін енгізді. Яшмадан жасалған бес қымбат затқа келетін болсақ, қойылым біткеннен кейін оны қайтарып беруге тиіс болды.

Бесінші айда [Шунь] өз иелігін аралау мақсатында оңтүстікке, ал сегізінші айда батысқа, он бірінші айда солтүстікке барып, барлық жерде бірінші сапарында жасаған рәсімдерін жасады. [Шунь] бабаларының шіркеуіне келіп, ерекше бұқаны құрбандыққа шалды.

Әрбір бес жыл сайын [Шунь] өз иеліктерін бір рет аралап отырды. Қол астындағы князьдықтар оған істің мәні туралы баяндап, толық мәлімет беріп отырды. Олардың жұмысын тексеріп, жетістіктеріне қарай арбамен, киіммен марапаттап отырды.

[Шунь] бірінші болып он екі облысты анықтап, арықтардың атыздарын тазалатты. Ол белгілі бір жазаларға негізделген Заңдар ен-

гізді: бес ауыр жаза жер аударумен жеңілдетілді, қамшы — алпауыттарды жазалау үшін, таяқ — оқыту үшін, алтын жазасын сатып алу үшін қолданылды. Білмей қателескендерге кешірім жасалып, қылмысын мойындамағандар аяғына дейін жазаланып отырды.

Хуан-доу Гун-гунді ұсынған кезде, Яо ол лайық емес деп айтса да, оның жұмысын бақылап, сынап көрді. Гун-гун өзінің қатыгездігін көрсетті. Сюэлер Гунді тасқын суды тоқтатуға жіберуін өтінді. Яо сынақтан өткізген кезде Гун жетістікке жете алмады. Сондықтан халық күйзеліске ұшырады.

Сонымен қатар Саньмяо тайпалары [Янцзы] және Хуан [хэ] өзендерінің аралығында және Цзинчжоу облысында көтерілістерге шығып отырды. Сондықтан да Шунь қайтып келгеннен кейін императордан Гунді солтүстіктегі *Ди* тайпаларына ықпал етіп, Хуан-доуды Чу-шаньға куу үшін; оңтүстіктегі *Мань* тайпаларына ықпал етіп, Саньмяоларды Сань-вэйге көшіру үшін; батыстағы *Жун* тайпаларына ықпал етіп, Гуньдарды Юйшаньға көшіру үшін және шығыстағы *И* тайпаларына ықпал етуі үшін жіберуін өтінді. Төрт жақтағы тайпалар бағындырылғаннан кейін ғана жер асты оған қаратылды.

Тақта жетпіс жыл отырған Яо Шуньді тапты. Жиырма жыл өткеннен кейін Яо қартайып, Шуньнен Аспан Ұлы атынан билік жүргізуін өтінді. Яо басқарудан кеткеннен кейін жиырма сегіз жыл өткен соң қайтыс болды. Байсындар бұған әкелері немесе шешелері қайтыс болғандай қатты қайғырды. Үш жыл бойына Яоға қайғырып, төрт жақта да музыка аспаптары айналған жоқ.

Яо, ұлы Дань-чжудің өзіне тартпағанын, Аспан асты билігін оған ұсынуға тұрмайтынын ойлап, билікті Шуньге беруді ұйғарды. Өйткені, билікті Шуньге берсем одан Аспан асты ұтады, ал Дань-чжуға берсем, жер асты жапа шегеді. Сондықтан да ол Дань-чжу қиналса да, билікті Шуньге беру лайық деп шешті.

Яо: «Еш жағдайда да бір адамның пайдасы үшін, Жер астына зиян келтірмейім», — деп, ең ақырында Жер асты билігін Шуньге ұсынды. Яоның өлімін үш жыл аза тұтып болғаннан кейін Дань-чжу таққа отырып, Нанхэден оңтүстікке кетіп қалды. Сарайға өздерін таныстыруға келген қол астындағы князьдықтар Дань-чжуға емес, Шуньге келді. Шағыммен келгендер де Шуньге барды. Шунь : «Аспанның еркі солай болды», — деді. Ол бұдан кейін Ортаңғы иелікке келіп, Ұлы Аспан тағына отырып, император Шунь атанды.

Юйский Шуньді Чун-хуа деп атады. Чун-хуаның әкесінің есімі—Гу-соу, Гу-соудың әкесінің есімі—Цяо-ню, Цяо-нюдің әкесінің есімі — Гоу-

ван, Гоу-ванның әкесінің есімі — Цзин-кан, Цзин-канның әкесінің есімі — Цюнь-шань, Цюнь-шанның әкесінің есімі — Чжуань-суй, Чжуань-суйдің әкесінің есімі — Чань-и болды. Шуньге дейін жеті ұрпақ өтті. Цюньшаннан император Шуньге дейін бәрі төмендегідей болды.

Шуньнің әкесі Гу-соу соқыр адам еді. Шуньнің шешесі қайтыс болғаннан кейін, Гу-соу қайтадан үйленіп, Сян атты ұлы дүниеге келді. Сян төзімділігімен ерекшеленді. Гу-соу екінші әйелінен туған ұлын өте жақсы көріп, бірнеше рет Шуньді өлтіруге тырысты, бірақ Шунь қашып, тығылып құтылып кетіп жүрді. Ал кінәлі болған кезінде, қолданған жазасын қабылдап отырды. Шунь әкесіне, өгей шешесіне және кіші бауырына қамқорлықпен қарап, күн сайын шынайылық және құрмет көрсетумен болды.

Шунь Цзинчжоу облысынан болатын. Ол Лишань тауларында жер өңдеп, Лэйцзэ өзенінде балық аулады, Хуан хэ өзенінің жағасында саздан үй ыдыстарын жасады. Шуньнің әкесі Гу-соу кеміс, ал өгей шешесі — ұрысқақ, кіші інісі сөз тасығыш болды. Олардың барлығы Шуньді өлтіргісі келді.

Жиырма жасқа келгенде Шунь өзінің ұлық құрметімен аты шықты. Яо кімді таққа отырғызуға болатынын сыюэлерінен сұраған кезде, көмекшілері ұсынған Шунь отыз жаста болды.

Шунь жанұясын қатал ұстап, Гуйжуй өзенінде тұрды. Сондықтан да Яо-ның қыздары өздерінің атақты шыққан тегін айтуға батпай, толығымен әйелдік міндеттерін сақтап, Шуньнің туыстарына қызмет жасады.

Шунь Лишань тауларында жерді өңдеген кезде, осы тауда тұратынындардың барлығы бір-біріне жол берді, ол Лэйцзэ өзенінде балық аулаған кезде маңайындағылардың барлығы бір-біріне ығысып, орын беретін болды, Хуан хэ өзенінің жағасында саздан үй ыдыстарын жасаған кезде, осындағы барлық ыдыстардың кемістігі болған жоқ.

Бір жыл өткеннен кейін, Шунь тұрған елді мекенде ауыл, екі жылда үлкен елді мекен, үш жыл өткеннен кейін қалашық пайда болды.

Осының бәрін көре отырып, Яо Шуньге жұқа матадан тігілген киім, *цин* деп аталатын музыкалық аспап сыйлап, қоралар тұрғыздырып, қойлар бергізді.

Гу-соу бұрынғысындай Шуньді өлтіргісі келіп, қораны балшықпен сылатуға жоғары шығарып, өзі астынан от жағып, құрылысты өртеп жіберді. Шунь өзін қамыспен қорғап, төмен түсті де өлімнен қашып құтылды. Кейін Гу-соу Шуньді құдық қазуға зорлады. Шунь құдықты қазған кезде өзі қашып құтыла алатындай етіп, құдықтың бүйірінен

тесік қалдырды. Гу-соу ұлы Сянмен бірге жоғарыдан топырақ тастап, қазылған құдықты көме бастады, бірақ Шунь өзі қалдырған тесіктен шығып құтылып кетті. Гу-соу мен Сян Шуньді өлтірдік деп қуанды.

Сян: «Бұл жоспарды негізгі құрушы мен, яғни Сян», — деп мақтанды. Сондықтан Сян Шуньнің орнын иемденіп, әке-шешесінен бөлініп, жеке шыққан кезде: «Мен Яоның екі әйелін және *цин*-музыкалық аспабын өзім алам, ал малдарын әке-шеше сендерге берем», — деді. Осыдан кейін Сян Шуньнің үйіне қоныстанып, оның музыкалық аспабында ойнады.

Шунь оны көру үшін келген кезде Сян қуанудың орнына, сазарып: «Мен сені қайғырып, ойладым», — деді. Шунь: «Саған шынымен осындай сезім жақын ба?» — деп сұрады. Шунь бауырын бұрынғыдан да жақсы көріп, Гу соуға қызмет етумен болды. Бұдан кейін Яо Шуньді бес қарым-қатынасты тарату жағынан сынады, оны басшылыққа ала отырып, барлық алпауыттар істі жақсы басқаратын болды.

Гао-янаның бұрынғы әулетінде сегіз талантты ұрпақ болды, олар әлемге пайда келтірді, сондықтан оларды «сегіз кішіпейіл» деп атады. Гао-синяның әулетінде де сегіз дарынды ұрпақ болды, оларды «сегіз іскер» деп атады. Осы он алты әулет ұрпақтан-ұрпаққа аттарына кір келтірмей өздерін одан әрі жетілдіріп отырды. Осылай Яоға дейін жалғасып келді, бірақ Яо оларды пайдалана алмады. Шунь болса «сегіз кішіпейілді» шақырып, оларға жерді басқаруды тапсырды. Олар жұмыстарды сәтті бөліп, қандай іс болса да өз уақытында орындалатын болды. «Сегіз іскерді» шақырып, оларға барлық төрт жақта мінез-құлық ережесін таратуды бұйырды, осының нәтижесінде әкелер шыншыл, аналар өз балаларын жақсы көретін, үлкен ағалары кіші бауырларына қамқор болатын, кіші інілері ағаларын, ұлдары ата-аналарын сыйлайтын болды. Сөйтіп әр жанұяда тыныштық, қоғамда бейбітшілік орнады.

Император Хуньның бұрынғы әулеті шыншылдарды қоғамнан аластап, қылмыстыларды жасырып, Аспан астында барлық қарақшылықты таратқан ұрпақ болды, оларды «Хунь-дунь» (Тәртіпсіздер) деп атады. Шао-Хао әулеті де шыншылдарды жек көретін, өз жұмысына беріліп істейтіндерді көре алмайтын, Аспан астында тәртіпсіз сөздерді таратумен айналысатын бейпіл ұрпақ болды, оларды «Цюнь-ци» деп атады.

Чжун-суя әулеті шыншыл, әділетті жолды қаламайтын, өздеріне арналған сөздерді қабылдағылары келмейтін ұрпақ болды. Оларды сол үшін Аспан астында «Гао-у» (бірбеткейлер) деп атады. Осы үш

әулеттер әлемге тынышсыздық әкелді. Осылай Яоға дейін жалғасты, Яо да олардан құтыла алмады.

Цзинь-юнь әулеті де қызғаншақ, көрсеқызар болды, оларды сол үшін Аспан асты «Тао-те» (қызғаншақ) деп атады. Жер асты оларды жек көріп, алғашқы үш әулеттің қатарына қосты. Шунь келгендерді төрт қақпаның арғы жағынан қарсы алған кезде, осы жаман жағынан көрінген төрт әулетті таулы және орманды жерлердегі әзәзілдердің жамандықтарын қайтару үшін төрт жаққа қоныстандырып, төрт қақпаны ашты да, енді патшалығында қатыгездердің жоқтығын айтты.

Шунь таудың басындағы үлкен орманға кіріп, қатты жел мен найзағайлы жаңбырдың астында жолын адаспай тапқан кезде, Яо Шуньнің Жер асты билігін тапсыруға лайықты екендігіне көз жеткізді. Қартайған кезде Яо оған Аспан Ұлы атынан билік жүргізіп, иеліктерін аралауға рұқсат етті.

Шунь император тағына лайықты болып тағайындалғаннан кейін жиырма жыл ел басқарды. Яо қайтыс болғаннан кейін Аспан Ұлы атынан елді сегіз жыл басқарды. Үш жылдық аза тұту мерзімі біткеннен кейін тақты Дань-чжуге берді, бірақ Аспан асты халқы оны мойындамай, барлық мәселерімен Шуньге келетін болды.

Юя, Гао-яо, Се, Хоу-цзи, Бо-и, Куя, Луна, Чуя, И, Пэн-цзулерге келетін болсақ, олардың барлығы Яоның кезінде жақсы жұмыстарға орналастырылып, түрлі қызметтерге пайдаланылды.

Шунь Вян-цзу шіркеуіне келіп, өз көмекшілерімен ақылдасып, төрт жақтағы болып жатқан өзгерістерді естіп отыру үшін, төрт қақпаны ашқан кезде, ол жиырма билеушіге Яоның ізгілігін бағалауды бұйырды. Сонда бізге *мань* тайпалары бағынып, билігімізді мойындайтын болады деді.

Шунь *сюэлерге*: «Яоның ізгілігін танытып, ерлік жасайтын кім бар, мен сол адамды өзімнің кеңесшім етіп қоям», — деді.

Жанындағылар: «Егер Бо-юяны жер жұмыстарының бастығы етіп қойсаңыз, ол Яоның данқын шығара алады», — деді. Шунь: «Бұл дұрыс екен, Юй, сен жер мен суды ретке келтіруге тырыс», — деді.

Юй жерге дейін еңкейіп тұрып, өз қызметін Цзи-ге, Се мен Гао-яоға ұсынды. Шунь онда солай болсын деді. Бұдан кейін Шунь айтты: «Цзи! Қарапайым халықтың арасында аштық басталады. Сен жер жұмыстарымен айналысып, әр дақылдың өз уақытында егілгенін қадағала; Се! Байсындардың арасында алауыздық болып, бес қарым-қатынас сақталмай жатыр. Сен олардың арасында осы бес қарым-қатынастың сақталуын қадағалаушы боласың; Гао-яо-ға! *мань*

және *и* тайпалары біздің Ся-ның мазасын алып жүр, басбұзарлар мен тонағыштар елдің ішінің де, сырттың да мазасын кетіруде. Сен аға сот (би) боласың, тәртіп бұзушыларға қолданылатын бес жазаны қолдана отырып, оларға жеке-жеке жерлерге жер аудару арқылы бағындыруға тиіссің», — деді.

Бұдан кейін Шунь өз көмекшілерінен: «Кім менің жұмысымды басқара алады», — деді. Олар Чуйді ұсынды. Сөйтіп Чуйді жұмыс басқарушы етіп тағайындады. Шунь: «Кім менің жоталарым мен етектердегі шөптер мен талдарды, құстар мен аңдарды басқара алады», — деп сұрады. Қасындағылар: «И-дің қолынан келеді», — деп жауап берді. Шунь И-ді алқаптар мен ормандарды бақылаушы етіп тағайындады. И жерге дейін еңкейіп тұрып, өз орнын Чжу-ху мен Сюнь-пиге ұсынды. Шунь оған: «Жоқ, бұл орынға сен лайықсың, Чжу-ху мен Сюнь-пи сенің көмекшілерің болады», — деді.

Шунь: «О сыюэлерім! Адамдардың ішінде біздің үш әдет-ғұрпымызды сақтайтын адам бар ма?» — деп сұрады. Қасындағылар Бо-иді ұсынды. Шунь оған: «Сені әдет-ғұрыпымызды және құрбандықтарымызды басқаратын етіп тағайындаймын, күндіз-түні құрметпен тік тұр және адал жүреппен қызмет ет», — деді. Бо-и өз орнына Куи мен Лунды ұсынды. Шунь: «Жоқ, бұл орынға сен лайықсың. Сен ән-күй, музыка жағын басқарасың. Байлардың балалары қателікті бетке айта-тын, бірақ кішіпейіл, қарапайым болсын. Өлең шумақтарында ойлар айтылады, өлеңдер арқылы сөз байлығын дамытады. Егер барлық 8 дыбыс бір-бірімен үйлесетін, бір-біріне кедергі келтірмейтін болса, онда рухтардың және адамдардың арасында да келісім болады», — деді. Куй: «Егер мен үлкен немесе кіші тастарды соғатын болсам, онда барлық аңдар билеп кетеді», — деп жауап берді.

Шунь: «Лун! Мен өтірік сөздерді және кесір әрекеттерді жек көрем. Мені және менің халқымды да бұл мәселе алаңдатады. Мен сені жариялаушы етіп тағайындаймын. Сен ертеңгісін және кешке менің жарлықтарымды елге жариялайтын боласың, бірақ беріліп шынайы көңілмен істе», — деді.

Ең соңында Шунь: «О менің жиырма екі көмекшім, ығи да Аспанның еркімен санаса отырып әрекет етіндер», — деді.

Шунь үш жылда бір рет әрқайсының еңбегін тексеріп, сіңірген еңбектеріне қарай қызметтерін жоғарылатып немесе төмендетіп отырды. Шунь бағынғысы келмеген *саньяо*-ны бөліп тастады.

Осы жиырма екі адамның барлығы өз жұмыстарын абыроймен атқарып, жетістіктерге жетті. Аға сұлтан қызметін атқарған Гао-яо

шыншыл болды, әрбір тәртіп бұзған адам өз кінәсіне қарай жазасын алып отырды. Бо-и әдет-ғұрып жағын басқарып, үлкен-кіші бір-бірін сыйлайтын болды. Чуй жұмыс жағын басқарып, жетістіктерге жетіп, алқаптар мен ормандардың, таулар мен еңіс жерлердің байлығын бақылаушы болды. Ци дақылдар жағын басқарып, бидайдан мол өнім алып отырды. Се тәрбие жағын басқарып, байсындар арасында өзара келісім мен достық орнады. Лун алыстан келген қонақтарды күту мәселесімен айналысты. Сөйтіп жиырма екі көмекшісі тоғыз облысты басқарды. Олардың ішінде Юяның сіңірген еңбегі зор болды. Ол тоғыз тауды қазып, тоғыз көлге ағатын танап ашты, тоғыз өзенге жол ашты және тоғыз облыс орнатты. Олардың әрқайсысы билікке мойынұсынып, сыйлықтар әкеліп отырды.

Осылайша, барлық жақта анықталмаған Хуанфу салығын төлейтіндер барлығы бес мың лиге жетті. Шунь оңтүстікте *цзяочжи* және *бэйфа*, батыста *жун*, *сичжи*, *цзюсоу*, *ди* және *цян*, солтүстікте *шань-жун*, *фа* және *сишэнь*, шығыста *чань* және *няой* тайпаларын бағындырды, төрт теңіз көлеміндегілердің барлығы император Шуньнің еңбегін мадақтады.

Юй үніне таң қаларлық мақұлықтар, қос феникс келіп, айнала ұшып жүріп тоғыз толғам ойнады. Шуньнің (Юй) императорлық кезеңінен бастап Аспан астында барлық ізгілік қанат жайды.

Шуньнің жиырма жасында қадірлейтін ұл ретінде аты шықса, отыз жасында Яо оған басқару жұмысын ұсынды, елу жасында Аспан астын, Аспан Ұлы атынан басқара бастады, оның елу сегіз жасында Яо қайтыс болды, алпыс бір жасында ол император тағына отырды. Отыз тоғыз император тағында ел басқарып, оңтүстік иеліктерді аралап жүргенде Цаньбу даласында қайтыс болды. Ол Янцзы (цзян) өзенінің оңтүстігінде орналасқан Цзюй тауына жерленді. Бұл жер Линмин деп аталады.

Таққа отырған кезде, Шунь өзімен АспанҰлының туын алып, өз әкесі Гу-соуға барып, әкесіне ұлға тән ерекше құрмет көрсетті. Ол кіші інісі Сянди Чжу-хоу дәрежесіне көтерді. Шуньнің ұлы Шан-цзюньде қабілеті жағынан әкесіне тартпады, Шунь Аспанға алдын ала Юяны таныстырды. Он жеті жылдан кейін Шунь қайтыс болды. Үш жыл аза тұту уақыты өткеннен кейін Юй тақты Шуньнің ұлына босатып берді. Бірақ иелігіндегі князьдықтар Юйдің билігін мойындап, соған қызмет етті. Бұдан кейін Юй Аспан (көк тәңірі) Ұлының тағына отырды.

Яоның ұлы Дань-чжу мен Шуньнің ұлы Шань-цзюнь екеуінің де өз ата-бабаларына құрбандық әкелетін жерлері болды. Олар бұрынғыдай